

## Көшелердің атын өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Кемербастау ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 13 сәуірдегі N 12 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 22 сәуірде N 14-14-151 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Кемербастау ауылдық округінің

ә к і м і **Ш Е Ш Т І :**

1. Түлкібас ауданы, Кемербастау ауылдық округі, Елтай ауылында орналасқан Мектеп көшесінің аты Шыңғысбеков Айтымбет, Бейбітшілік көшесінің аты Асырауов Қабылбай көшесі деп өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзыретіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*М.Кишкенебатыров*